



POLISIA.KZ

1997 жылдан бастап шығады

№ 2 (321) ақпан 2024



**Шартарапқа
аян шаңғы полициясы**

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ/УЧРЕДИТЕЛЬ:

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

МЕНШІК ИЕСІ/СОБСТВЕННИК:

«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
ТОО «Медиа-центр органов внутренних дел
Республики Казахстан»

Бас директор/Генеральный директор
Лаура ЖАКУПОВА

Шеф-редактор
Бақытгүл АБАЙ

Дизайн және бет қаттау/Дизайн и верстка
Зульфия СИСЕНБЕРДИЕВА

Корректорлар/Корректоры
Айша УТЕПАЛИҚЫЗЫ
Марат САРСЕНБАЕВ

Фототілші/Фотокорреспондент
Медет АШІРБЕКОВ

Мекенжайымыз:

010000, Астана қ, Майлин к, 4/1
8-7172-37-88-24 (ішкі нөмір 112)

Наш адрес:

010000, г. Астана, ул. Майлина, 4/1
8-7172-37-88-24 (вн. 112)

КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ	4
ДОВЕРИЕ – ГЛАВНОЕ УСЛОВИЕ СТАБИЛЬНОСТИ	7
ВАЖНО СФОРМИРОВАТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ.....	8
ЖЕНЩИНЫ-ЛИДЕРЫ В ПОЛИЦИИ.....	13
АЖЫРАСУ – ҰЯТ, КӨНУ - ҚАСІРЕТ	14
ПОДВИГИ НА ВОЙНЕ И В МИРНОЕ ВРЕМЯ.....	16
ШАРТАРАПҚА АЯН ШАҢҒЫ ПОЛИЦИЯСЫ.....	20
ВАЖНЫЙ КРИТЕРИЙ – ПОДДЕРЖКА РОДНЫХ.....	22
ІШІМДІКТЕН БАС ТАРТҚАН АУЫЛДАР.....	26
«ТҮЗУ ЖОЛҒА ТҮСКЕНДЕР АЗ ЕМЕС».....	28
ЛУДОМАНИЯ ЛАҢЫ: ОЙЫНҒА ОЙСЫЗ ҚҰМАРЛЫҚ.....	36
ЖЕСТОКОСТЬ К ДЕТАМ НЕДОПУСТИМА.....	39
ҒАЛАМТОРДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙМАЙ ТҮР.....	40
ИЗ ПОКОЛЕНИЯ В ПОКОЛЕНИЕ: ОПЫТ И ВЕРНОСТЬ СЛУЖБЕ.....	53
ДУБАЙДА ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІ ТӘНТІ ЕТТІ.	58

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес.

Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді.

Редакцияның келісімінсіз материалдарды
көшіріп басуға тыйым салынады.

«Даму-Астана» мүгедектер ұйымы»

ЖШС-де басылып шықты.

Астана қ., Көкарал көш., 2/1

Индексі: 75744

Таралымы: 7973 дана. Шыққан күні: 29.02.2024

Мнение авторов необязательно отражает точку зрения редакции.

Литературные рукописи не рецензируются и не возвращаются.

Редакция рассматривает письма, не вступая в переписку.

За достоверность предоставленных материалов
ответственность несет автор.

Перепечатка без согласования с редакцией запрещена.

Отпечатано ТОО «Организация инвалидов

«Даму-Астана»

г.Астана, ул. Коккарал, 2/1

Индекс: 75744

Тираж: 7973 экз. Дата выхода: 29.02.2024

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫ ҚҰРАМЫН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қоғам алдында полиция қызметкері – биліктің уәкілетті өкілі. Азаматтардың мемлекеттік саясатқа, елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға көзқарасы полицияның сөзі мен іс-әрекетіне тікелей байланысты. Полицейлер мұны ешқашан ұмытпауы керек. Сіздерге ерекше жауапкершілік жүктеледі»

**Қазақстан Республикасының
Президенті Қ. К.Тоқаев**

Қазіргі заман талабы – қазақстандық полиция қызметкерлерінің кәсіби, моральдық, психологиялық және физикалық деңгейін барынша көтеру. Бұл талап үдесінен шығу үшін білікті кадрлар даярлау, оларды сапалы іріктеудің атқаратын маңызы зор. Бұл жұмысты өз деңгейінде жүзеге асыру өмірдің саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салаларындағы нақты жағдайды, сондай-ақ, біздің қоғам мен мемлекетіміздің дамудың ықтимал жолдарын да ескеретін стратегия болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы – заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қылмыстың жаңа түрлерімен күрес бойынша озық білімі бар жаңа форматтағы қызметкерлер мен басшыларды даярлайтын жетекші ғылыми-білім беру мекемесі.

Басшылық жасаудың сапасы сол басшының көшбасшылық қасиетіне, сондай-ақ, басқарудың жеке ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Бұл орайда басқару теориясы басшының кәсіби, ұйымдастырушылық, моральдық және іскерлік қасиеттерінің жеке үйлесімі ретінде қаралатын көшбасшылық стиль түсінігін қалыптастырады. Ал бұл стиль басшының басқару формалары мен әдістерін тиімді қолдануымен айқындалады.

Осындай заман талабын ескеру мақсатында 2021 жылдан бастап ІІМ Алматы академиясы жоғары академиялық курстарда басқарушы кадрларды даярлау бойынша қосымша білім

беру бағдарламаларын жемісті жүзеге асырып келеді. Бұл бағдарламаларды іске асыру үдерісіндегі анықтаушы өлшемшарт білім алушылардың бойына кәсіби пайымдау, стратегиялық және жүйелі ойлау, халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен диалогта



конструктивизм сияқты құзыреттерді сңіру қажеттілігі болып табылады.

Жаңа формация басшыларын даярлауда қылмыстарды ашу және тергеудің тиімді әдістерін, оның ішінде IT-технологияларын қолдану арқылы меңгеруге баса назар аударылады. Бұл орайда ішкі ақпараттық жүйелерді пайдалану, психологиялық дайындық, физиогномия түрлері мен әдістерін зерттеу бойынша тренингтер мен арнайы курстар өткізіледі. Кәсіби дайындықпен қатар, қазіргі басшылар үшін аса қажет моральдық-этикалық және коммуникациялық дайындыққа, шешендік өнерге, басқарушылық дағдыларға, әкімшілік-шаруашылық қызметке, қаржылық және құқықтық сауаттылыққа, HR-менеджментке де көп көңіл бөлінеді.

Сондай-ақ бағдарлама барысында психологиялық тренинг жеке модуль ретінде қарастырылған. Себебі кез келген жағдайда, оның ішінде экстремалды жағдайларда басшының жеке басының психологиясы шешім қабылдауда өте маңызды роль атқарады.

Ал тренинг басшының психологиялық білімдерін бекітуге мүмкіндік береді. Профайлинг ерекшеліктерін, оның полиция қызметіндегі рөлін, сондай-ақ, жедел жағдайдың шиеленісуі кезінде жанжалдарды тиімді шешу әдістерін зерделеу қажеттілігі уақыт талабынан туындап отыр. Азаматтардың сөз және пікір бостандығы құқықтарын пайдалана отырып, кеңінен танытып отырған белсенді азаматтық ұстанымы көбінесе белгіленген нормалар мен ережелерді бұзумен шектеседі. Ал бүгінгі күні түрлі қақтығыстарды шешудің және заңсыз әрекеттердің жолын кесудің бірден-бір сындарлы әдісі – сендіру, полиция қызметкерлері мен азаматтар арасында сындарлы диалог құру.

Көшбасшылық дәріс форматында

басшылық құрамды даярлау факультетіндегі тыңдаушылар ІІМ орталық аппараты басқармаларының, аумақтық Полиция департаменттерінің және Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының бастықтарымен, көрнекті қоғам қайраткерлерімен (С.Аружан, Р.С.Ошақбаев, А.С.Платонов және тағы басқалары), ғылым, мәдениет және өнердің көрнекті өкілдерімен (А.Ә.Әшімов, М.Т.Әлімбаев, А.А.Амангелді, Р.Е.Джансараева, С.К.Жүрсімбаев, А.С.Ыбраева, А.Б.Скаков және тағы басқалары), ішкі істер органдарының ардагерлерімен (полиция генерал-майоры М.Х. Әбісатов, ішкі қызметтің генерал-майоры Т.Қ. Қабденов, полиция генерал-майоры Д.Т. Кенжетәев, полиция генерал-майоры А.Ш.Оспанов, милиция полковнигі Ғ.М. Мендешев) кездесті.

Мәдени-ағарту жұмысы аясында факультет тыңдаушылары Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұражайы, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы, Алматы қаласы тарихының мұражайы, Д.А. Қонаевтың мұражай-үйі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-тарихи мұражайы, Абай атындағы қазақ ұлттық опера және балет театры, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры және тағы басқа да мәдени орындарды аралайды.

Оқу жоспарын ойдағыдай аяқтаған басшылық құрамды даярлау факультетінің тыңдаушылары жоғары лауазымға тағайындалу үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің кадрлық резервіне алынады.

Кадрлар резервін жасақтау басшылық жұмыстың нағыз жауапты участогы болып табылады. Резервке ұсынудың негізгі және басты шарты оның біліктілігі, басшылық қызметке қажетті ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлік қасиеттерінің болуы, сондай-ақ, қазіргі кезеңде ішкі істер органдарының алдында тұрған міндеттерді терең түсіну болып табылады. Басшы жедел және қызметтік міндеттерді шешуде принципті және табанды болуы керек. Адалдық – Отан мен халық мүддесі үшін іскерлікке кәсіби тұрғыдан қарау.

Кадрлық резервті қалыптастыру ішкі істер органдарындағы кадрлар-

дың сабақтастығы принципімен белгіленеді, яғни:

– қызметте жоғарылату механизмін оңтайландыру және басшы кадрларды оқытудың тиімділігін арттыру;

– Қазақстан Республикасы ІІМ-нің бөлімшелері мен мекемелеріндегі, аумақтық және көліктегі ішкі істер органдарындағы, ІІМ-нің орталық аппаратына басшы құрамды дәйекті түрде жаңарту;

– шығармашылық бастама таныта алатын, ұйымдастырушылық қабілеті бар, ұжымда дұрыс қарым-қатынас орната білетін, моральдық тұрғыдан тұрақты, стрестік және басқа да жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алатын қызметкерлерді тәрбиелеу және жоғарылату.

Сондықтан да басшылық құрамды даярлау факультетіне үміткерлерді іріктеу кезеңінде (ІІО-ның аға және орта басшы құрамдары) мыналарға артықшылық беріледі:

– жақсы теориялық дайындық;

– ұлттық және ведомстволық заңнамаларды жетік білу;

– жеке кәсіби дағдыларын жетілдіруге ұмтылу;

– жаңашыл идеяларды тиімді қолдану дағдылары;

– көлемі үлкен жұмыстарды орындау ресурстары;

– ұжымдық жұмысты ұйымдастыру әдістері;

– пайдалы адамдарды өзіне тарта білу;

– ұжымда салауатты орта құра білу.

ІІМ орталық аппаратының департаменттері, қалалар, облыстар және көліктегі Полиция департаменттерінің басшысы болып тағайындалған, біз мақтан тұтатын түлектеріміз бар:

– полиция генерал-майоры В.В. Скляр – Павлодар облысы ПД бастығы (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Д.С. Қазбеков – Қазақстан Республикасы ІІМ Көші-қон қызмет комитеті төрағасының орынбасары (2023 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Р.С. Назаров – Қазақстан Республикасы ІІМ КПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі А.Т. Қабдұлдинов – Солтүстік Қазақстан облысы ПД бастығы (2021 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Б.А. Малыбаев – Көліктегі ПД бастығы (2021 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Н.М. Мұқашев – Ақмола облысы ПД бастығы (2022 жылғы түлек)

– полиция полковнигі Н.К. Оразбаев – Атырау облысы ПД бастығы (2021 жылғы түлек);

– полиция полковнигі С.З. Құсайынов – Жетісу облысы ПД бастығы (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі М.Д. Айтуғанов – Көліктегі ПД бастығының 1-ші орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Е.М. Базаров – Абай облысы ПД бастығының 1-ші орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция подполковнигі Э.Н. Данияров – Астана қ. ПД бастығының 1-ші орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Б.Е. Нұрсейітов – Павлодар облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Ш.М. Құнанбаев – Абай облысы ПД бастығының орынбасары (2023 жылғы түлек);

– полиция полковнигі М.Т. Омаров – Жетісу облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі М.Т. Омаров – Абай облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Н.Э. Рахметуллаев – Жамбыл облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Р.Д. Садилов – Атырау облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек);

– полиция полковнигі Б. Сапар – Түркістан облысы ПД бастығының орынбасары (2022 жылғы түлек).

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы полиция басшысының бейнесі, ең алдымен, оның жоғары кәсіби деңгейі мен идеялық, саяси және адамгершілік қасиеттерінің молдығымен, мәдениетімен және зиялылығымен бағаланады. Бүгінгі басшының ұйымдастырушылық қасиеті жоғары, дүниетанымы кең, еркін ойлы болуы керек. Бұл дағдылардың көпшілігі өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту арқылы өмірлік тәжірибені жинақтау процесінде де жинақталады.

А.ЕСКЕНДІРОВ,

Қазақстан Республикасы ІІМ

М.Есболатов атындағы

Алматы академиясы

Басшылық құрамды даярлау

факультетінің бастығы,

з.ғ.к., полиция полковнигі